



BI GROUP

ASTANA

BOSAĞA

Комфорт + сапаты



Мазмұны

бөлім түймесін басып, оған өтіңіз

Жоба туралы

3

Орналасқан жері

4

Маңыздының барлығы жаныңызда

5

Архитектура және дизайн

9

Жайлы аула

11

Көгалдандыру

13

Дәліздердің сәнді интерьері

15

Сіздің пәтеріңіз

17

Жоғары деңгейде шудан оқшаулау

22

Ақылды технологиялар

24

Жайғастыру шешімдері

25

Бизнеске арналған үй-жайлар

28

Функциялы үй-жайлар

29

Ипотека және онлайн сатып алу

30

BI Service және бақыт министрлігі


32

BIG App мобильді қолданбасы

33

BI Club бейілдік бағдарламасы

34



Жаңа мүмкіндіктерге жол ашылатын Bosaға тұрғын үй кешеніне қош келдіңіз.

Bosaға — жаңа жол бастамасының символы.

Қазақ мәдениетінде «босаға» — үйдің табалдырығы ғана емес, өмірдің жаңа кезеңіне өту белгісі. Bosaға тұрғын үй кешені осы философияны жүзеге асырып, дәстүр мен заманауи шешімдерді үйлестіреді. Мұнда үй жаңа жетістіктерге жол ашып, әр қадамыңыз алға жетелейді.



Жоба туралы

Босаға — қала өмірі өз үйлесімін табатын орын. Жаңа бастама идеясынан шабыт алған кешен жайлылықты бағалайтын, дәстүрлерді қастерлейтін және дамуға ұмтылатын адамдарға арналған.

Тұрғын үй кешені Ұлы Дала даңғылының бойында, Mega Silk Way сауда ойын-сауық орталығынан көлікпен 12 минуттық жерде орналасқан. Жақын маңда 2 жайлы мектеп, балабақшалар, спорт клубы, супермаркеттер және емханалар бар.

Комфорт +
санаты

9
қабат

2026 жылдың III тоқсанында
пайдалануға беріледі

1- 4 бөлмелі
пәтерлердің
конфигурациясы

34-139 м²
пәтерлердің
ауданы

↑ Мазмұнына
оралу

4



Маңыздының барлығы жаныңызда

Президент саябағы

Президент саябағы — қаладағы ең әсем әрі күтіп-бапталған орындардың бірі. Кең саяжолдар, ұқыпты көгалдар және мол жасыл желек жайлылық пен мамыражай тыныштық атмосферасын қалыптастырады. Мұнда жылдың кез келген мезгілінде рахаттанып серуендеуге, отбасымен бірге сейіл құруға немесе қаланың күйбең тірлігінен бір сәт алшақтап, жай ғана табиғаттың сұлулығын тамашалаудан ләззат алуға болады.



Маңыздының барлығы жаныңызда

Жайлы мектеп

«Жайлы мектептер» — білім алуға барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін бірегей оқу орындары. Олар заманауи жабдықпен, жеке шкафтармен, компьютер сыныптарымен, зертханалармен, қарым-қатынас аймақтарымен және ауыз су бұрқақтарымен жабдықталған.

«Жайлы мектептер» тұжырымдамасы орын тапшылығы мәселесін шешумен қатар, оқушыларды оқытып-үйретіп, болашаққа барынша тиімді дайындауға жағдай жасайды.



Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі



Қабылдау ҚР БҒМ стандартты талаптары бойынша жүзеге асырылады



Оқыту тегін жүргізіледі



4000 оқушыға (2 ауысым) есептелген



Мектептің жабдықталуы стандартты жабдықталудан 5 есе артық



Үй-жайлар интерьерінің заманауи дизайны




Маңыздының барлығы жаныңызда


Астананың жасыл белдеуі

Босаға тұрғын үй кешені 2021 жылы ұлттық саябақ мәртебесіне ауыстырылған қаланың «Жасыл белдеуіне» жақын орналасқан. Сіз қала қарбаласынан алыста, жасыл желекке бөленген аумақта серуендеп, таңертеңгі таза ауамен тыныстап, құстардың әсем әнін тыңдаудан ләззат ала аласыз.

 **15 000 Га**
кеғалдандыру
аумағы

 **2 млн.**
бұта

 **11.5 млн.**
ағаш

 Мұнда қырғауылдар,
қояндар, шілдер
мекендейді.

 Мазмұнына
оралу

7



Маңыздының барлығы жаныңызда

Ехро и ТРЦ MEGA Silk Way

Елорданың перспективалы ауданында орналасқан Bosaға тұрғын үй кешені қаланың қарқынды өмірі мен жайлы атмосфераны тамаша үйле-стіреді. Мұнда мегаполис ырғағы мен бірқалыпты өмір салты арасындағы тепе-теңдік сезіледі.

Кешен елорданың негізгі нысандарының ортасында тұрғандықтан, биз-нес және сауда орталықтарына, сонымен қатар, мәдени кеңістіктерге ыңғайлы жету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Bosaға тұрғын үй кешені life in harmony тұжырымдамасын ұстанып, өмір сүруге және демалуға жайлы орта қалыптастырады.

Архитектура және дизайн

Құрылыс материалдары



Vosağa тұрғын үй кешенінің қасбеті жеңілдік сезімін береді: құм түстес жылы реңктер, мұқият ойластырылған сызықтар мен табиғи текстура-лар жайлы атмосфера қалыптастырады. Панорамалы терезелер пәтер-лерді жарыққа толтырып, табиғи жарықтан ләззат алуға мүмкіндік береді. 9 қабатты ғимаратта қаламен байланысты жоғалтпай, бірақ оның қарбаласынан алшақта өзіңді жайлы сезіну оңай.

Vosağa — жай ғана тұрғын үй кешені емес, бұл — тыныштық пен замана-уи технологиялар тоғысқан, өмір сүруге мінсіз кеңістік ұсынатын орын.

↑ Мазмұнына
оралу

9

Архитектура және дизайн

Құрылыс материалдары

Каркас –
тұтас құймалы
темір-бетон

Қасбеті –
алюминий композитті
панельдер,
керамикалық
панельдер

Терезелері –
Металл пластик
терезелер, екі
камералы шыны
пакеті

Кондиционерлерге
арналған қораптар

Сыртқы қабырғалары
газ блогы

Пәтераралық
қабырғалары
шудан оқшаулау
деңгейі жоғары
Acoustic Pro жүйесі

Жайлы аула

Көліксіз жабық аумақ Bosaға тұрғын үй кешенін балалы отбасылар үшін қауіпсіз етеді, ал мұқият ойластырылған көгалдандыру аулада жайлы атмосфера қалыптастырады.

Сонымен қатар, әртүрлі жастағы балаларға арналған заманауи ойын аймағы қарастырылған, ол қиял мен белсенділікті дамытып, көңілді уақыт өткізуге мүмкіндік береді.

Белсенді демалыс үшін workout аймақтары мен футбол алаңы жабдықталған. Ал тыныш аймақтар көршілермен кездесуге немесе таза ауада отбасылық кештер ұйымдастыруға өте ыңғайлы.

*Сурет шартты сипатқа ие



Көлік кірмейтін жабық аула



Жаяу серуендеуге арналған орындар



Экологиялық самалжайлар



Қауіпсіз жабынмен қапталған ойын алаңдары



Бейнебақылау камералары



Футбол алаңы



BBQ аймағы



Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан аламыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.



Көгалдандыру

Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:



Қолайлы
микроклимат



Өсімдіктерге
күтім жасау



Үйлесімді түс
композициялары



Жан-жақты ойластырып,
өсімдіктерді
аймақтарға бөлу

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгередінін бақылау сондай ғанибет.

Сурет шартты сипатқа ие. Көшет материалының өсуі бес жылға жуық уақыт алады.

↑ Мазмұнына
оралу

13



Көгалдандыру

Үйіңіздің жанындағы табиғат

Біз тұрғындардың денсаулығын ойлай отырып, тән саулығына да, жан саулығына да оң әсерін тигізетін көгалдандыруға ерекше көңіл бөлеміз. Ландшафт дизайны ұсақ-түйегіне дейін ойластырып жасалған.

Балалар алаңдарында үйеңкі, шырша, қарағай, алма ағашы, долана және арша егіледі, ал бұл өсімдіктерден микробқа қарсы қасиеті бар табиғи зат — фитонцидтер бөлінеді. Спорт алаңдарында тез қалпына келетін ырғай, итжүзім, көріктал, қазтабан сияқты өсімдіктер қолданылады. Белсенді демалыс аймақтары биік және аласа бұталардан тұратын тығыз тірі қоршаумен қоршалған. Жаздың аптап ыстығында оазистің салқын саясында демаласыз, ал қыстың аязды кештерінде қалың екпелер жайлылықты қамтамасыз етіп, суық пен желден қорғайды.

Егілген жас ескіндерден өсімдіктер біртіндеп өсіп, рендерде бейнеленген түрге енеді.

Дәліздердің сәнді интерьері

Кеңістік құм түстес жылы реңктерде безендіріліп, жайлылық пен қонақжайлық атмосферасын тудырады. Әрлеуде қолданылған МДФ панельдері мен керамогранит интерьерге заманауи әрі сәнді көрініс береді. Жұмсақ күту аймағы жайланып отырып, такси немесе курьер күтуге қолайлы.

Тұрғындарға ыңғайлы болуы үшін велосипедтерді, самокаттар мен бесік арбаларды сақтауға арналған бөлек жайлар қарастырылған. Өтпелі кіреберістер ауладан да, көшеден де ыңғайлы кіруді қамтамасыз етеді, ал мұқият ойластырылған навигация кешен ішінде жүріп-тұруды түйсік деңгейінде түсінікті етеді.



Қозғалыс датчиктері бар шамдар



Көлік тұрағына шығу



Қабаттардағы навигация



Бірінші қабат дәліздерінде және лифттерде бейнебақылау камералары орнатылған




Арбалар аймағы



Өтпелі кіреберістер




Кіреберістегі дәліз дизайны



Үлгілік қабат дизайны

Дәліздердің сәнді интерьері



Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, суреттер шартты сипатқа ие

↑ Мазмұнына
оралу

16

Сіздің пәтеріңіз

BIG+ Жөндеуден өткен пәтерлер

Астанада BI Group-тың жаңа BIG+ жобасын — сіздің жайлылығыңыз үшін барынша қамқорлықпен жасалған, таза әрленген пәтерлерді ұсынамыз. Мұқият ойластырылған эргономика және заманауи жөндеу — өміріңіздің жаңа кезеңін рахаттанып, жайлы бастай алуыңыз үшін барлық жағдай жасалған.



Уақыт
үнемдеу



Құрылыс салушы
ұсынатын сапа кепілдігі



Жабдықтауды пәтер
құнына қосу мүмкіндігі



1 жылға кепілдік




Жөндеуден өткен пәтерлер

Конструктивтер	BIG Optima	BIG Basic
	Сұр/Қоңыр сарғыш	Сұр/Қоңыр сарғыш
Есік жиынтығы	2,2 м Albero Ресей	2,2 м Albero Ресей
Ламинат	33-ші класс Kronospan, қиықжиегі бар	33-ші класс Laminely, қиықжиегі бар
Еденкемерлер	NMC еденкемері	NMC еденкемері
Санитарлық торап пен кіре берістегі жылы еден	✓	
Қабырғадағы қара сәндік профиль	✓	
Санитарлық торап қабырғасындағы керамогранит	Marmula ҰЕБ 1200x600x10 мм (Ресей)	Зерде ҰЕ 600x600 (Қазақстан)
Лас аймақтағы, балкондағы және санитарлық тораптағы керамогранит	Зерде ҰЕ 600x600 (Қазақстан)	Зерде ҰЕ 600x600 (Қазақстан)
Ас үй бөлмесіндегі фартук керамограниті	Жылтыратылған керамогранит CSG Қытай ҰЕБ 1200x600x9 мм	Жылтыратылған керамогранит CSG Қытай ҰЕБ 1200x600x9 мм
Балалар бөлмесіндегі фототұсқағаз	✓	
Боялатын тұсқағаз	Kraft Haus Premium Vlies 130	Kraft Haus Premium Vlies 130

Конструктивтер	BIG Optima	BIG Basic
	Сұр/Қоңыр сарғыш	Сұр/Қоңыр сарғыш
Қабырғадағы бояу	Marshal Euro 7 Турция	SHEBER Maler Қазақстан
Кермелі төбе	✓	✓
Төбедегі көлеңкелі профиль	✓	
Төбедегі тығыздағышы бар багет		✓
Софиттер	Қытай	Қытай
Розеткалар/ Ажыратқыштар	Schneider Electric (Франция)/ Smart Home	Қытай
Санитарлық тораптағы сантехникалық құралдар	Grohe (Германия)	Haiba Қытай
Инсталляция (Унитаз)	Grohe (Германия)	Қытай Visam Slim
Ванна	Акрилді	Акрилді
Айна	Жарықтандырылған сәндік	Жарықтандырылған сәндік



Сіздің пәтеріңіз



Жарық пен жылылыққа толы бұл пәтерлер жайлылық пен қолайлылық үшін жасалған. Ойластырылған жоспарлау мен сауатты аймақтарға бөлу әр кеңістікті функционалды етеді, ал түрлі форматтардың таңдауы сізге мінсіз нұсқаны табуға мүмкіндік береді. Өмір салтыңызға бейімделетін пәтерде жаңа тарихыңыз дәл осы жерден басталады.

- Пәтердің барлық бөлігіндегі, соның ішінде санитарлық тораптағы дайын жөндеу уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдейді - кілттерді алып, алғашқы күннен бастап өмірдің рақатын көріңіз.
- Алдын ала әрлеу - өз дизайнерлік идеяларын жүзеге асырып, бірегей интерьер жасағысы келетіндер үшін.



Терезелерде балалардың құлауынан қорғаныс



Негізгі әрлеу



Пәтерлердің конфигурациясы: 1 бөлмеліден 4 бөлмеліге дейін



Пәтерлердің ауданы: 34-139 м²



Электронды құлыптар




IP-домофон жүйесі

Сіздің пәтеріңіз

Негізгі әрлеу


Босаға тұрғын үй кешенінен пәтер сатып алғанда, сіз оны негізгі әрлеуде аласыз. Бұл өте ыңғайлы, өйткені ең шулы және «лас» жұмыстар жасалып қойғандықтан, сіздің уақытыңызды ғана емес, қаражатыңызды да үнемдейді. Сізге тек лайықты дизайнды таңдап, пәтер жөндеу жұмыстарының соңғы кезеңіне кірісу ғана қалады.



Едені жабын төсеуге дайын




Электрмен жабдықталуы — бүкіл пәтерге электр желісінің сымдары тартылды.



Төбе — төбеде электр кабельдері тартылған, бұл жоба бойынша жарықтандыруды жеңілдетеді.



Кіру есіктері МДФ-тан жасалған және сенімді құлыппен жабдықталған.



Қабырғаларының әрленуі — қабырғалар таза әрлеу жұмыстарын жүргізу үшін тегістелген.




Жылыту жүйесі толық орнатылды және пайдалануға дайын.



Терезелерде мықты фурнитура, терезе алды тақтайы мен бүйір жақтаулары орнатылған

Шудан оқшаулау деңгейі жоғары Acoustic Pro жүйесі

 бейнежазбаны көру үшін басыңыз




Acoustic Pro — арнайы VI Group үшін Корея Республикасының сарапшыларымен бірлесіп әзірленген жүйе, екі қабат гипсті қатырмадан тұратын, бір жағында минералды мақта тақтасы мен қалыңдығы 100 мм газды блок, екінші жағында минералды мақта тақтасы мен екі қабат гипсті қатырма бар көп қабатты конструкция болып табылады.

Бұл технологияда әр түрлі материал түрлері: дыбысты жұтатын жұмсақ элементтер және оны қайтаратын қатты элементтер қолданылады. Осындай үйлесімнің арқасында тамаша дыбыс оқшаулау көрсеткіштеріне қол жеткізіледі. Арақабырғалардың қалыңдығы тұрғын үйдің пайдалы ауданын барынша сақтайтындай етіп мұқият есептелген.

Пәтераралық шудан оқшаулауды жақсартуға бағытталған шешімдердің арқасында шулы көршілеріңіз енді жайсыздық тудырмайды. Біз Acoustic Pro сияқты дыбыс оқшаулайтын арақабырғалар заманауи технологияларын енгіземіз.

Acoustic Pro Дыбыс оқшаулауы - 56 дБ-ден төмен емес




Жоғары деңгейде шудан оқшаулау

Қалқымалы еден

Біз пәтерді жоғарғы жақтағы шудан оқшаулау үшін «қалқымалы еден» технологиясын қолданамыз.

Бұл – тұтастырғыш құю алдында қабырғалар мен еденге тығыз жанасатын, қалыңдығы 1 см көбікті полипропилен қабаты төселетін ерекше жүйе. Осының арқасында көршінің жүрген немесе ролик тепкен кездегі шуы «қалқымалы еденге» тиімді түрде сіңеді.



«Қалқымалы еден» соққы шуының таралуына жол бермейді



*Клиент өзі жасайды

АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Электро құлыптар

Электронды құлып – қосымша жайлылық. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады. Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

Ашу тәсілдері:

- Кодпен кіру
- RFID-карта
- Механикалық кілт
- Саусақ ізі бойынша

Артықшылықтары:

1. Саусақ ізі: 360°-тық сканері бар заманауи жартылай өткізгіш датчиктер.
2. Пин-код: кодты шифрлау функциясы бар сәнді пернетақта. Құпия сөзді байқатпай көріп қоюға жол бермеу үшін дұрыс құпия сөзді енгізер алдында 12 санды енгізіңіз.
3. Бұғаттауда бірнеше кіру рұқсатын пайдаланушы болуы мүмкін: саусақ ізі (5 негізгі және 85 кәдімгі пайдаланушы), PIN-код (5 негізгі және 15 кәдімгі пайдаланушы), RFID-карта (99 кәдімгі пайдаланушы)
4. Сигнал беру: бұрмалау, батареяның төмен қуаты туралы ескерту және құпия сөзбен қорғау.



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электр құлпының түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін..

IP-домофон жүйесі

IP-домофон – домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

Мүмкіндіктері:

- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу




Таңдалған өндіруші желісіне байланысты панельдің интерфейсі мен түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Жайғасымдар*


*басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз

Терезелері аулаңызға қарайды



Жайғасымдар*

*басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз



7-ші қиреберіспен түйіседі



Бизнеске арналған үй-жайлар

Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады. Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әртүрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әртүрлі бизнес бағыттарына арнап таңдау мүмкіндігін береді.

Негізгі артықшылықтары:




Дамып келе жатқан аудан



Жаяу жүргіншілер ағыны



Қонақтарға арналған көлік тұрағы қарастырылған



Төбесінің биіктігі — 3,9 метрге дейін



Функциялы үй-жайлар


*Паркинг и кладовые помещения приобретаются отдельно.



Көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді ылғал мен жаңбырдан, қатты аяз бен аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден және балалардың абайсыз ойындарынан қорғаңыз. Көлігіңіз алдын ала қыздырмай-ақ жүруге дайын болады.

*Бөлек сатып алынады



Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге де, айналаңыздағы адамдарға да ыңғайлы велосипед тұрағын қарастырдық.



Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

*Бөлек сатып алынады

Online сатып алу

Қарапайым. Жылдам. Ыңғайлы.

Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?




Уақыт үнемдеу

Кептелістер, бағдар-шамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пәтерді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады.



Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу

Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз.



Икемді төлем тәсілдері

Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу – өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.



Әр кезеңде қолдау көрсету

Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.



Ашықтық және сенімділік


BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.

1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу

- Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.
- Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін дербес менеджер бекітіледі.

2. Цифрлық сату офисі менеджерінің көмегімен сатып алу

- Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.
- Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.



BI Service

20 жыл бойы бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде бізге 500 мың тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіпсіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

Біз 7 млн.м²-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз



550 үй



4 000 офис



1 100 коттедж



32 000 тұрақ орны

Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- Ашық қаржылық басқару;
- Бірыңғай сапа стандарттары.
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- 24/7 жедел ақпарат беру;

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
Тұрғын үй-жайлар – м²-іне 210 теңгеден басталады,
офистер – м²-іне 419 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 9 800 теңгеден басталады.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықталуына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



 <https://bi.group/ru/page/service>

Бақыт МИНИСТРЛІГІ



Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыратын және олардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін тату көршіліктің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.

Бақыт министрлігімен барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Концерттер мен көрмелер;
- Таза ауада жаттығу;
- Бірлескен ме
- Тауға жорыққа шығу;



BI Green















Ағаш отырғызу - отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу. Біз тұрғындармен бірлесіп, 50 000-нан астам ағаш пен бұта отырғыздық. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.


BIG App мобильді қолданбасы

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.

-  • Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
-  • BI Group жеңілдіктері мен акциялары
-  • Құжаттар мен төлемдер
-  • Құрылыс барысы (live құрылысы)
-  • Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
-  • Үй шығындарын қадағалау
-  • Жылжымайтын мүлікті таңдау
-  • Пәтерлерді онлайн сатып алу
-  • Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
-  • Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі
-  • BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
-  • BIG App-тағы онлайн сервистер

 қолданбаны орнату үшін басыңыз



BI Club бейілдік бағдарламасы

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, BIcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!

Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

BI BRONZE

*бірінші пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін пәтерлерге 4% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 5% жеңілдік

BI BRONZE+

*2 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін пәтерлерге 5% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 6% жеңілдік

BI PLATINUM

*7 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін пәтерлерге 10% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 11% жеңілдік

BI SILVER

*3 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін пәтерлерге 6% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 7% жеңілдік

BI SILVER+

*4 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін пәтерлерге 7% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 8% жеңілдік

BI DIAMOND

*жылына 700 миллионнан басталатын инвестицияда пәтерлерге 12% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 13% жеңілдік

BI GOLD

*5 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін пәтерлерге 8% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 9% жеңілдік

BI GOLD+

*6 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін пәтерлерге 9% жеңілдік коммерциялық жылжымайтын мүлікке 10% жеңілдік



BIcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген саудаңыздың чектерін жүктеңіз! Толығырақ: loyalty.bi.group



Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5Г,
«Лазурный квартал»
ТҮК

Т. Рысқұлов көшесі, 9
Nexpro Trend

Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан к-сі, 28

Онлайн сату
орталығы



Алматы қ.

«Гранд Алатау» БО
Тимирязев көшесі, 28в

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қ. Сәтбаев даңғылы, 43а
Infinity Mall COO

Қарағанды қ.

Бұқар жырау даңғылы,
51/4-құрылыс
51 бизнес орталығы

БАҚЫТ ҚҰШАҒЫНДА ӨМІР СҮРІҢІЗ



Keңес
алыңыз



360

Жобаның архитектурасы, абаттандырудың, қасбеттердің, ішкі көріністің, қолданылатын материалдардың суреттері, олардың нөмірленуі, кешеннің инфрақұрылымы шартты болып табылады және жобалау, салу, пайдалану барысында өзгертілуі мүмкін.

Бұл жарнама әлеуетті сатып алушылардың сұранысын зерттеу мақсатында жарияланды. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар жергілікті атқарушы орган үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат бергеннен кейін ғана жасалады. Құрылыс салушы — BI Development Astana ЖШС. Уәкілетті компания — Asyl Dala ЖШС. ҚР АҚ 395-бабына сәйкес, бұл жарнама жария офферта емес.

Біздің басты ұстанымдарымыздың бірі — табиғатты аялау. Сол себепті баспа өнімдерін шектейміз.